

Ш І К І Р І

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді «Қазақстан - 2050» Стратегиясының 4-ші пункті «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары», сондай-ақ, мемлекеттік «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация сәйкес келеді: - «DD020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Токеева Асель Амантаевнаның «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары дәрежеде жазылған, аяқталған жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қолданылған деректердің сапасы мен көлемі, зерттеу тәсілдері мен ғылыми жаңашылдығы, практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Токеева А.А. диссертация жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу тақырыбына сәйкес салада жинақталған мол тәжірибесі көрініп тұр. Тісініңше, осы саладағы білімі мен тәжірибесі зерттеу жұмысын жүргізу тәртібін жоспарлауға, дерек көздері мен ғылыми еңбектер қорын дұрыс қолдана отырып бірқатар ғылыми жаңалықтар мен практикалық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген. Орындалған диссертациялық зерттеу жұмысы дербес, өзекті, тұтас және аяқталған болып табылады. Докторанттың диссертацияны өзі жазу деңгейі бойынша жеке ғылыми стилінің жоғары екендігін байқауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан Қазақ-Қытай байланыстарының тарихи маңызын айқындау, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы соңғы 30 жылда қол жеткізген жетістіктер мен даму үрдісін тежеп отырған мәселелерді сараптау, халықаралық қауымдастық аясында екі жақты байланыстарды жақсарту жолдарын талдау арқылы ғылыми тұжырым жасау секілді бірқатар фактілермен негізделген. Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық көлемде ашады. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Кіріспеде жұмыстың өзектілігі баяндалады; мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, гипотезасы, зерттелу дәрежесі, дереккөз базасы, тарихнамасы, зерттеудің теориялық - әдіснамалық негізі келтірілген; ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы тұжырымдалған,

<p>қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар және жұмыстың апробациясы туралы мәліметтер келтірілген.</p> <p>Бірінші тарауда тараптардың Қазақстан-Қытай әрекеттестік кезеңдерінің қалыптасу факторлары сипатталған. «Стратегиялық әріптестік» ұғымына теориялық-концептуалды талдау жасалынды, сонымен қатар сыртқы саяси дискурсы көрсетілген. Екінші тарауда екіжақты әріптестіктегі негізгі бағыттары мен мәселелері қарастырылады. Бұл тарауда сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық аспектілер ашылады.</p> <p>Үшінші тарауда ЕО және ҚХР-ды геосаяси тұрғыда біріктіретін мемлекет Қазақстан Республикасына екі жақтың өзара іс-қимылының ықпалы зерттелді.</p> <p>Қорытындыда диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары баяндалған, оларды теориялық және практикалық қолдану жөнінде ұсыныстар ұсынылған.</p>	<p>Мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттеудің барлық негізгі аспектілерін толық ашады.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны, теориялық шешімдер мен ұсыныстар бірлігі сақталған, барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан сәйкестігі бар, толық байланысқан. Ғылыми зерттеудің әдістемелік негізі дұрыс тандалған. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысты. Зерттеу ғылыми зерттеу логикасы тұрғысынан сауатты құрылған. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері ғылыми дәлелденген.</p> <p>Диссертация жұмысы барысында «Стратегиялық әріптестік» ұғымына теориялық деңгейде анықтама беруде, Қазақ-Қытай байланыстарының даму эволюциясын сараптауда, Халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтауда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының халықаралық және аймақтық ұйымдар</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген;

		<p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>аясындағы әріптестігін саралауда, Қазақстан мен Қытай халықаралық және аймақтық ұйымдарда әрекеттесуінің экономикалық бағыттары мен негізгі мәселелерін анықтауда, ҚР мен ҚХР серіктестігінің саяси-құқықтық негіздері мен бағыттарын пайымдауда, Қазақстан-Қытай арасындағы бүгінгі геостратегиялық әріптестік трансформациясын сараптауда, Қазақ-қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағы гипотезасын бағамдауда сыни талдау бар.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант А.А.Токеева диссертациялық жұмысты орындау барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жартылай жаңа болып саналады. Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Стратегиялық әріптестік» концепт-ұғымына теориялық-концептуалдық контекстінде семиосфералық талдау жүргізген бірінші ғылыми нәтиже жаңа болады; - кейс-стади әдісі арқылы халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздері алғаш рет анықталған екінші ғылыми нәтиже жаңа болады; - Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының серіктестігінің саяси-құқықтық негіздері мен бағыттарын нақтылаған үшінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады; - екі елдің ортақ мүдделері, ортақ ұстанымдары және ортақ мақсат-міндеттерінің негізінде бүгінгі геостратегиялық әріптестік трансформациясының ерекшеліктерін анықтаған төртінші ғылыми нәтиже жаңа болады. <p>Автор екіжақты әріптестікті талдаудағы тәсілді кешенді түрде жүзеге асыра алған. Қазақстандық тарихнамада алғашқы зерттелген зерттеу жұмысы болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Ізденушінің диссертациялық жұмысында келтірілген қорытындылар, мазмұнының айқындығы, қолданылған зерттеу әдістемесінің тиімділігі, зерттеу жұмысының нәтижесі мен көрсеткіштерінің дәлдігі жартылай жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының жүргізілуі жүйелі әрі толығымен жаңа болып</p>

	<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>табылады.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа және негізделген болып табылады. Бірқатар жаңа тәсілдер мен теориялардың негізінде Қазақстан мен Қытайдың еріптегіне талдау жүргізу арқылы диссертациялық жұмыс элеуметтік-гуманитарлық ғылым бойынша технологиялық тұрғыдан қамтылған.</p>
<p>6.</p> <p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Өйткені, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 10 ғылыми еңбектерде жарық көрген: Соның ішінде, Scopus деректер қорына енетін жарияланымда - 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала, халықаралық ғылыми конференция басылымдарында - 6 мақала жарық көрген.</p>
<p>7.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағида</p>	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p>	<p>Автордың диссертациялық жұмысы бойынша жеті қағида ұсынылған.</p> <p>7.1 Бірінші қағида дәлелденді. Зерттеу жұмысында алғаш рет «стратегиялық еріптегі» концепт-ұғымына теориялық-концептуалдық контекстінде семиосфералық тұрғыда талдау жасау арқылы еріптегі ұғымы нақты салалық қатынас шеңберінде қолданылатын саяси категория болып табылатындығы расталды. Қағида тар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденген.</p> <p>Екінші қағида дәлелденді. Ғылыми жұмысында халықаралық қатынастардағы стратегиялық еріптегікті зерттеудің әдіснамалық негіздерін зерделей отырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы еріптегікті коммуникация тұрақты (константты) ұстаным бола беретіндігі анықталды.</p> <p>Үшінші қағида дәлелденді. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық еріптегінің эволюциясы екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастың динамикасы</p>

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) иә;
- 2) жоқ

кезендеріне негізделген. Төртінші қағидат дәлелденді. Қазақстан мен Қытай арасындағы тату көршілік, «бейбіт қатар өмір сүрудің принциптері», қарым-қатынас тарихи шарттастығы халықаралық міндеттердің объективті негізділігі екіжақты байланыстардың бекем қаланған шарттық-құқықтық негізі болатыны тұжырымдалды.

Бесінші қағидат дәлелденді. Қазақстан мен Қытайдың халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігіне компаративистикалық талдау аталған аймақтық платформа аясында екі ел ынтымақтастығының кешенді екендігін анықталды және халықаралық және аймақтық ұйымдарда әрекеттесуінің экономикалық бағыттары екі ел арасындағы әріптестіктің негізгі буыны болады.

Алтыншы қағидат дәлелденді. Қазақстан-Қытай әріптестік қатынастары екі ел арасындағы байланыстың саяси-құқықтық негіздеріне сүйенеді, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және Орта Азия - Қытай (5+1) форматтары аясында қабылданған құжаттар қазіргі заман талабына толығымен сай келеді және болашақтағы бағыттарын анықтайды.

Жетінші қағидат дәлелденді. Қазақстан Республикасы үшін экономикалық қуатты көршілес елмен стратегиялық әріптестік байланыстарының болашағы зор, еліміздің мүддесі мен сыртқы саясатының басты ұстанымын ілгерілету жолында Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы ел арасындағы әріптестіктің негізі деп танылады.

7.2 Тривиалды емес, себебі ҚР мен ҚХР-ның серіктестік мәселелесі жан-жақты және жаңа Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай зерделенген.

7.3 Иә, диссертациялық жұмыста келтірілген әрбір қағидат жаңа болып табылады. Бірінші тұжырым.

Қазақстан мен Қытай арасындағы екі жақты қарым-қатынасы неғижесінде дипломатиялық, саяси, экономикалық және мәдени байланысты сипаттайтын теориялық база қалыптасты. Тараптар арасындағы құжаттар айналымы екі жақты байланыстың барлық саладағы даму, өзгерістер траекториясын көрсетіп, тараптардың

тұжырымдамалық бағытын нақтылады және әдіснамалық негізі айқындалды.

Екінші тұжырым.

Қазақстан-Қытай стратегиялық серіктестігі жалпы Қытайдың серіктестік дипломатиясын зерделеудің оңтайлы кейсі саналады. Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестіктің ағымдағы даму динамикасын зерттеуге кейс-стади (case study) әдісі қолданылған.

Үшінші тұжырым.

Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастың эволюциясы бірнеше кезеңнен өтетіндігін көрсеткен. Сәйкесінше, серіктестікті тереңдетудің жолы тұрақты әрі ұзақ-мерзімді стратегиялық серіктестікті консолидациялау мен екіжақты қатынастың деңгейін жақсарту арқылы ортақ мүдделерді кеңейту және екіжаққа тиімді негіжелерге қол жеткізу болып табылатындығын айқындаған.

Төртінші тұжырым.

Қазақстан мен Қытайдың аталған аймақтық платформа аясындағы ынтымақтастығына кешенді сараптама жасай отырып, олардың халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігіне компаративистикалық (салыстырмалы) талдау жасалынған.

Бесінші тұжырым.

Бейжіңнің саяси және қаржылық қолдауымен “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және Шанхай Ынтымақтастық ұйымы аясында жүзеге асырылып жатқан ауқымды энергетика және инфрақұрылым жобалары көмегімен Қытай таралы бірқанша энергетикалық келесімдерге қол жеткізіп, толағай табысқа қол жеткізгенін көрсеткен.

Алтыншы тұжырым.

Екі ел арасында территориялық мәселенің барлығы оң шешімін тауып, мемлекеттер арасында сенімді, өзара тиімді қарым-қатынас орнаған. Қазақстан мен Қытайдың қазіргі кезеңдегі халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестік қатынастарын негізге ала отырып, екі ел арасындағы әріптестіктің даму тенденциясы зерделенген.

Жетінші тұжырым.

			<p>Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының 30 жылдық даму жолын қарастыра отырып, екі ел арасындағы әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағына болашау жасалынған.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады және қолданылу ауқымы кең.</p> <p>7.5. Иә. Диссертацияның негізгі қағидалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда, Scopus базасына енетін шетелдік ғылыми журналда, және халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген 10 мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ	<p>Докторант А.А. Тоқеваның диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық ақпарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттық дәйектілігіне негізделген.</p> <p>Докторант диссертациялық жұмыстың ғылыми қойтындыларын, нәтижелері мен ұсынымдарды негіздеуде белгілі ғылыми әдістерді: одақтастық теориясының (alliance theory) құрама бөлігі саналатын стратегиялық серіктестік концептісі (strategic partnership concept), аймақтық интеграция теориясы (regional integration theory), сонымен бірге, Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасының геоэяси динамикасын назарға ала отырып, Халфорд Маккиндердің «Хартленд» теориясы секілді әдістерді орынды қолданып нақты жазған.</p> <p>Жұмыстың әдіснамалық негіздері ретінде концептуалдық, жүйелік, тарихи-логикалық, компаративистикалық, жіктемелік, эпистолярлық, құжаттық, контент талдау, ивент талдау, кейс-стади талдау әдістері және жалпылық, коммуникативтік, даралық, ерекшеліктік, себеп-салдарлық, индукция және дедукция, тұтастық, әмбебаптық ұстанымдары алынған.</p> <p>Докторант зерттеу нәтижелерін келесідей заманауи зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алған:</p> <p>Зерттеуші жұмысты жүргізу барысында арнайы іргелі зерттеулерді, сондай-ақ осы салада жазылған тарихшылардың, саясаттанушылардың, шығыстанушы мамандардың мақалалары</p>
8.2		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	

<p>мен басқа да публицистикалық еңбектерін ғылыми тұрғыда жинақтау мен сараптау әдісіне сүйенеді. Зерттеу жұмысы барысында сипаттама жасау, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы, талдау, жинақтау, қорыту, сандық және сапалық бағалау, анализ және синтез әдіс-тәсілдері қолданылады.</p> <p>Иә, теориялық қорытындылар, үлгілер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>	<p>1) иә; 2) жоқ</p>	
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми еңбектерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	
<p>Маңызды мәлімдемелер ағымдағы қолданыстағы және сенімді ғылыми еңбектерге деген сілтемелермен расталады. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен пайдаланылған дереккөздердің елеулі тізімі берілген.</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	
<p>Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Жұмыста отандық, ресейлік, батыстық және қытайлық авторлардың еңбектеріне, диссертациялық жұмыстары мен ғылыми-әдістемелік мақалаларына жан-жақты талдаулар жүргізілген.</p> <p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені қазіргі геосаяси жағдайдағы Қазақстан-Қытай қатынастарына жүргізілген теориялық талдау: бағыттар, шектеулер мен даму келешегі осы тақырыпты болашақ зерттеушілер үшін қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді.</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>
<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p>	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>9</p>

	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді орнымен қолданған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Докторант А.А.Токеевның диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, мынандай ескертпелерді де атап өткенді жөн көрдік: - Тақырыпты толықтай аша түсу үшін, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы серіктестік орнаған стратегиялық маңызы бар салаларға жеке-жеке тоқталып, жан-жақты зерттеу жүргізе отырып, әр сала бойынша нақты қол жеткен жетістіктер, немесе жетістікке жетуіне кедергі болып отырған мәселелерге талдау жүргізілуі қажет еді. Аталған ескертулер зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесін, құндылығын төмендетпейді. Жалпы, жұмыстың орындалуы диссертацияларға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға жауап береді. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мазмұны заман талабына толық сәйкес келеді. Диссертацияда қамтылған әрбір тақырып бойынша жүйелі түсінік беріліп, қорытындыланған.</p>

«6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ізденуші Токеева Асель Амантаевнаның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациялық жұмысының ғылыми-теориялық деңгейі жеткілікті, деректік негізі бар ғылыми жұмыс. Диссертация ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрлігінің


Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне сай келеді және қорғауға ұсынылады, ал докторант «бD020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесіне лайық.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің

(PhD) философия докторы

danigar.madijev@mail.ru



Мадиев Д.А.



РАСТАЙЫҢ

әл-Фараби атындағы Қазақ Ғылыми кадрлар даярлау және аттестаттау басқармасының

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

20